

Ж. Болатбекова<sup>1\*</sup>, Б. Жумакаева<sup>2</sup>, А. Картаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Өскемен қ.

<sup>2</sup>Сүлейман Демирел атындағы университет, Қазақстан, Қаскелең қ.

\*e-mail: zhandai@bk.ru

## АБАЙДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Аударманы оқытуда кейде ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері, салт-дәстүр, этномәдени дүниетаным ескеріле бермейді. Халықтың мәдениетін білу мәтінді сапалы аударуға көмектеседі. Зерттеудің мақсаты – Абайдың шығармаларын ағылшын тіліне аударуды тиімді әдістер арқылы түпнұсқамен салыстыру, этномәдени құзыреттіліктерді дамытуды ғылыми негіздеу. Мақалада шетел тіліндегі аутентивті материалдарды оқыту негізінде Абайдың ағылшын тіліне аударылған шығармаларын түпнұсқасымен салыстыру арқылы жоғары оқу орындарындағы студенттердің этномәдени құзыреттіліктерін дамытудың әдістері қарастырылады. Этномәдени құзыреттілік адамдармен қарым-қатынаста, мәдениетте, әдеби шығармаларда жинақталған тәжірибені арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеудің түрлерінде пайдалануды білім алушылардың іс-әрекетке дайын болу қабілеттіліктерімен сабақтастырады. Аудармаларды салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту үшін ашық тапсырмалар мен жаттығулар әдісі, мәдениетаралық өзгешеліктерді анықтаудағы контраст әдісі, әңгіме, дискуссия және өтілген тақырыпты қорытындылау мақсатында синквейн әдісі қолданылады. Зерттеудің құндылығы Абайдың аудармаларын оқытуда студенттердің этномәдени құзыреттілігін дамытудың өзара байланысты тиімді әдістерінің таңдалуымен сипатталады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен болашақ мамандардың этномәдени құзыреттілігін дамытуға арналған әдістердің жүйелі ұсынылуымен айқындалады.

**Түйін сөздер:** Абай аудармалары, этномәдени құзыреттілік, түпнұсқа, дамыту, оқыту әдістері.

Zh.B. Bolatbekova<sup>1\*</sup>, B.D. Zhumakayeva<sup>2</sup>, A.M. Kartayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk

<sup>2</sup>Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen

\*e-mail: zhandai@bk.ru

### Methods of Developing Ethnocultural Competence by Teaching Abai's English Translations

The article focuses on effective methods of developing students' ethnocultural competence in higher education through the comparative study of Abai's works translated into English with the authentic.

The research aims to identify methods for the effective development of ethnocultural competence, based on the study of foreign language translations in comparison with the original.

The major factor in the development of ethnocultural competence of university students as a theoretical significance is the justification of the content, methods and pedagogical conditions by substantiating the use of Abai's translated poems as a tool of national culture.

Ethnocultural competence combines the ability and readiness to act harmoniously on the basis of experience, accumulated in specially organized forms of education and upbringing in the course of life relations. For the development of ethnocultural competence through a comparative study of translations, the intercultural method, the contrast method, the method of exercises and open tasks, the method of conversation, discussion, and finally, to summarize the topics covered the cinquain method were used.

The value of the research is the selection of effective methods of interaction in the development of ethnocultural competence of university students, studying Abai's translations.

The practical significance of the work lies in the fact of offering a system of methods for the development of ethnocultural competence of university teachers and future professionals.

**Key words:** Abai's translations, ethnocultural competence, authentic, development, teaching methods.

Ж.Б. Болатбекова<sup>1\*</sup>, Б.Д. Жумакаева<sup>2</sup>, А.М. Картаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск

<sup>2</sup>Университет Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен

\*email: zhandai@bk.ru

### Методы развития этнокультурной компетенции путем обучения английских переводов Абая

Преподавание переводов не всегда учитывает особенностей национальной культуры, обычаев, этнокультурного мировоззрения. Знание культуры народа помогает качественно переводить тексты. Цель исследования – научное обоснование развития этнокультурной компетентности с использованием эффективных методов, сопоставление переводов Абая на английском языке с оригиналом. В статье рассмотрены методы развития этнокультурной компетентности студентов в вузе на основе изучения аутентичных материалов в сравнении с переводами на иностранном языке, т.е. обучения-путем сопоставления с оригиналом произведений Абая, переведенных на английский язык. Этнокультурная компетентность сочетает в себе способность и готовность к действию, сформированные на основе опыта, накопленного в специально организованных формах обучения и воспитания в ходе реальных отношений с людьми, культурой, произведениями литературы. Для развития этнокультурной компетенции путем сопоставительного изучения переводов использовались такие методы обучения как метод упражнений и открытых заданий, метод беседы, дискуссии, метод контраста и выявления межкультурных отличий, и для обобщения пройденных тем, метод синквейн. Ценность исследования заключается в подборе эффективных методов взаимодействия при обучении переводов Абая в развитии этнокультурной компетентности студентов. Практическая значимость работы заключается в том, что предлагается система методов развития этнокультурной компетентности преподавателей вузов и будущих специалистов.

**Ключевые слова:** переводы Абая, этнокультурная компетентность, оригинал, развитие, методы обучения.

### Кіріспе

Жалпы қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселесіне келгенде Абай Құнанбайұлының шығармашылығының алатын орыны ерекше. Әсіресе, жаңа ғасырдың әкелген мүмкіндіктері Абайдың өлеңдерін тек қазақтілді аудитория емес, шетелдік оқырмандарға да кеңінен танып-білуге жол ашты. Әрине, Абайдың шығармашылығына деген сұраныстың артуы қуантарлық жағдай. Десе де, аударма барысында ұлттық салт-дәстүрдің, қазақ ұлтына ғана тән ерекшеліктердің, этномәдени дүниетанымының түп мағынасы ескерілмей, тіл мен мәдениет элементтерін аударуда кішігірім қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол берілгендігін байқауға болады.

Көркем шығармаларды аудару кезінде көбінесе философиялық терең мағыналы мәтіндерді аудару ерекше қиындық туғызады. Аудармашылар мәтін аударылып жатқан тілде сөйлейтін ұлттық ойлауы мен дүниетанымының берілуіне ықпал ететіндіктен, шет тілінің барынша түпнұсқадағы мағынасын ашып, тек сол халыққа тән идеологиясын көрсете алатындай деңгейде аударулары тиіс. Яғни, сол елдің тілін ғана біліп қоймай, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихын, мәдениетін, ділі мен дінін, оның ау-

ызша, жазбаша поэзияға қалай әсер ететіндігін анықтап, саралап, аударылып жатқан тілдің мәдениеті мен ой-санасын салғастырып, салыстыруы қажет.

Сонымен қатар, аударма барысында ескерілетін мынадай мәселе бар: қазақ және ағылшын тілдері жүйелері сәйкес келмейді, сол себепті қазақша сөйлемдерді ағылшын тіліне аударғанда белгілі бір қиындықтар туындайды. Бір тілден басқа тілге сөйлемдерді аударғанда контекстке байланысты сөйлемде не жайында айтылатындығына мән берілуі қажет: іс-әрекет факт ретінде, жасалып жатқан іс-әрекет немесе іс-әрекеттің нәтижесі түрінде беріледі. Мысалы, *Мен Қазақстанда болдым – I was in Kazakhstan (last week)* ((Откен аптада) уақыт дәл көрсетіліп тұр); *Мен Қазақстанда болдым – I have been to Kazakhstan* (Жалпы Қазақстанда болып көрді). Яғни, аударма барысында контекстке қатысты мәселелерге ерекше көңіл бөлінуі қажет. Себебі, мәтін мағынасы түпнұсқадағы басты мағынадан ауысса, демек, айтылып жатқан шығарманың көркемдік идеясы, ұлттық құндылықтың көрінісін жоғалтады (Печерских, 2012: 260) [1].

Өз мәдениетін түсіну шетелдік мәдениеттің құндылығын қабылдау мен түсінудің негізі болып табылады. Сондықтан этномәдени білім

беру принциптері өз ұлтының мәдениетін дамыту және шетелдік мәдениеттің құндылықтарын үйлестіре алуға байланысты болуы керек.

Аудармаларды салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту үшін тілдегі этномәдени лексикаға көбірек көңіл бөлінуі керек. Себебі, халықтың өмірі және мәдениетімен танысудың ең алғашқы қадамы тіл арқылы жүзеге асады. Ал тілхалықтың ғасырлар бойғы рухани-әлеуметтік дамуы барысында жасалып, қалыптасып, көркемдік ой-өрісін әдебиетте табады.

Тіл этностың менталдық, мәдени және психолінгвистикалық кеңістігін көрсететін ерекше жүйе болғандықтан, әрбір тілде «аударылмайтын» ұғымдар болатыны анық. Сондай-ақ, белгілі бір халықтың, оның ішінде қазақ және ағылшын халқының сана-сезімінің ерекшеліктеріне негізделген бірегей құбылыстар болады. Тілдік ерекшелік бұл бірліктердің бейнелі мазмұнында көрінеді және ол қарастырылып отырған тілдерде сөйлеушілердің мәдени және ұлттық ерекшеліктерімен байланысты (Мухтарова, 2021: 35) [2].

*Зерттеудің нысаны:* Абайдың шығармалары мәтіні және оның ағылшын тілдеріндегі аудармалары арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту

*Зерттеудің пәні:* Абай шығармаларының ағылшын тіліне аудару жолдары және осы аудармаларға негізделген этномәдени құзыреттілікті дамытуға бағытталған салыстыра оқытудың әдістері.

*Зерттеудің мақсаты:* ағылшын тіліне аудару кезінде қазақ тілінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескеру жолдарын анықтау негізінде аудармаларды түпнұсқамен салыстыра отырып, этномәдени құзыреттілікті дамытудың тиімді әдістерін анықтау.

Зерттеу барысында төмендегідей *міндеттер* қойылды:

- Абайдың шығармаларының ағылшын тіліне аударылған әр түрлі нұсқаларын іріктеп, түпнұсқамен мағынасы жағынан сәйкестілігін салыстыру;

- қазақ тілінің этномәдени ерекшеліктерін ағылшын тіліне көшіру үшін қолданылатын аударма трансформацияларының ерекшеліктерін сипаттау;

- ағылшын тіліндегі аударма шығармаларды салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік беретіндей тиімді әдістерді анықтау.

Зерттеудің болжамы: Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын оқыту арқылы студенттердің этномәдени құзыреттілігін дамытудың тиімді жолдары мен әдістері нақтыланады.

Зерттеудің құндылығы: ЖОО студенттерінің этномәдени құзыреттілігін дамытуға бағытталған оңтайлы пайдалануға мүмкіндік беретін өзара байланысты әдістер әзірленеді.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында әдебиеттану ғылымы қарастырылатындықтан, түпнұсқа шығармалардың өзге мәдениетпен жанасу мәселесі орын алары сөзсіз.

Аудармашылар сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне тән болмысты атап көрсету және оның ұлттық өзіндік бояуын көрсету үшін транскрипция және транслитерация әдістеріне жүгінеді.

Аудармадағы тағы бір әдіс – калька – шет тілінің шындығын құрамдас бөліктерді (морфемаларды немесе сөздерді) аударылатын тілдегі олардың тікелей лексикалық сәйкестіктерімен ауыстыру арқылы жеткізу (Мухтарова, 2021: 110) [2].

Калька немесе сөзбе-сөз аударма қазақ болмысының мағынасын бұрмалайтын сөзбе-сөз аудармаға әкелетін жағдайларда аудармашылар сипаттамалық аударма әдісін пайдаланады. Оның артықшылығы – жаңа сөзді жаңа ұғыммен қабылдағанда жиі болатын түсінбеушіліктерді жою.

Енді аударма мәселесіне тікелей жанасатын этномәдени құзыреттілікті дамыту жолдары мен әдістеріне тоқталамыз. Жалпы, ЖОО-да әр түрлі мәдениет, дін, тіл өкілдері шоғырланғандықтан, этномәдениеттің жоғары деңгейде дамуына ықпал жасалуы қажет.

Этномәдени құзыреттілік ұғымы бірнеше мәселелерді қамтиды. Алдымен, этнос, мәдениет, этномәдениет ұғымдарын ашып алу қажет. «Sociolinguistics: An International Handbook of the Science of Language and Society» оқулығында этнос ұғымына мынандай анықтама берілген: *etymologically, the Greek noun 'ethnos' was used to describe groups of individuals who live in demarcated geographical areas and are distinguished from others by specific cultural and linguistic practices* (Sociolinguistics, 2018) [3]. Қысқаша айтар болсақ, грек тілінен аударғанда «этнос» белгілі бір географиялық аймақта тұратын, басқалардан мәдени және тілдік тәжірибелерімен ерекшеленетін адамдар тобы.

Джеймс Фулчер мен Джон Скоттың анықтамасы бойынша *ethnicity is a general category for describing collective identities, it involves defining groups by a shared history or culture, a common geographical origin, a common language or religion, or a common set of experiences* (Fulcher, Scott, 2011: 194) [4]. Яғни, этносұжымдық сәйкестіктерді сипаттайтын жалпы категория, ол ортақ тарих немесе мәдениет, ортақ географиялық шығу тегі, ортақ тіл немесе дін немесе тәжірибелердің ортақ жиынтығы бойынша топтарды анықтауды қамтиды. Демек, этнос белгілі бір аумаққа тән өзіндік мәдениеті, тарихы, тілі мен ділі бар адамдардан құралады.

Ричард Шефер, Роберт Лэм анықтамасы бойынша *culture – the totality of learned, socially transmitted behavior* (Schaefer, Lamm, 1995: 62) [5], яғни мәдениет – әлеуметтік жолмен берілетін мінез-құлық жиынтығы. Расында да, әр ұлттың өзіне ғана тән белгілі бір мінез-құлықтардың көрінісі болары сөзсіз, десе де мәдениет ұғымының ауқымы кең: тарих, әдет-ғұрып, халықтың діні мен тілі – барлығы мәдениетті құрайды.

ЖОО студенттерінің этномәдени құзыреттілігі – этностық мәдениеттің, этникалық қауымдастықтың мәніне тұтас көзқараста және олардың айырмашылықтарын сезінуде көрініс табатын болашақ маман тұлғасының ажырамас қасиеті (Султанова, 2020: 9) [6]. Этномәдени құзыреттілік әр түрлі халықтардың, сондай-ақ, өз елінің рухани және этномәдени құндылықтарын кәсіби қызметте қабылдауға және толеранттылықпен қарауға дайын болу, этномәдени дәстүрлерді кіріктіре отырып, этномәдени мұраны зерттеу мен дамытуға бағыт-бағдар беру қабілеті десек те болады.

Абайдың ағылшын тіліндегі шығармаларын салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамытудың тиімді жолдары ретінде бірнеше әдістер қарастырылды (Султанова, 2020: 11) [6]:

1. *мәдениетаралық әдіс* – әртүрлі халықтардың мәдениеттеріндегі жалпы мен жекенің салыстырмалы талдауының бөлігі ретінде этникалық мәдениеттерді қатар зерттеуге арналған.

2. *контраст әдісі* – этникалық мәдениет үлгілерін салыстыру арқылы, зерттелетін этностардың ерекшеліктерін қабылдауды дамыту және халық шығармашылығына эстетикалық қызығушылықты арттыруға үйретеді.

3. *жаттығу әдісі және ашық тапсырмалар* – этномәдени білімді тереңдетуге ықпал етеді; алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге, ұлттық мәдениетті түсіну және мәдени айырмашылықтарды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі

4. *әңгімелесу және талқылау әдісі* – өзгерді тыңдау және есту қабілетін дамытуға бағытталған; ұтымды пайымдау негізінде ақпаратты талдай білуге, өз ойын жеткізе білуге бағытталған.

*Синквейн* (француз тілінде *cinquains*, ағылшын тілінде *cinquain*) ХХ ғасырдың басында АҚШ-та жапон поэзиясының әсерінен пайда болған бес жолды поэтикалық форма [7]. Синквейн арқылы студенттер негізгі ойды анықтауға, ең маңызды мәліметтерді жинақтап, күрделі идеяларды, шығармаға байланысты көзқарасын аз сөзбен түсіндіре білу қабілетін дамытады.

Синквейн әдісінің түрлі нұсқалары болады. Зерттеу бағытына қарай синквейн әдісінің 2 түрлі нұсқасы қолданылды:

Синквейннің өте қарапайым әрі көп қолданылатын түрі – дидактикалық *cinquain*. Бұларды төмендегідей сипаттап көрсетуге болады:

- Бірінші – өлеңнің немесе мәтіннің тақырыбын болатын бір сөз (зат есім).

- Екінші – шығарманы сипаттайтын 2 сын есім.

- Үшінші – өлеңнің тақырыбын ашатын немесе мәтіндегі іс-әрекетті білдіретін үш етістік. Ағылшын тілінде синквейн әдісін қолданғанда етістіктің *-ing* жалғауы жалғанатын алғашқы формалары арқылы іс-әрекет жайлы мәлімет беріледі.

- Төртінші – мәтінге байланысты туындаған ой-толғамдарын 4 сөз немесе сөз тіркестері арқылы сипаттау.

- Бесінші – өлеңнің тақырыбын сипаттайтын немесе синоним болатындай бір сөз.

Қысқаша айтқанда, Абайдың аударамалары мен қазақ тілінде жазылған түпнұсқа мәтінді мәдениетаралық әдіс, контраст әдісі, жаттығу әдісі және ашық тапсырмалар, әңгімелесу және талқылау әдісі арқылы аударылу жолдарына мән беріліп, этномәдени құзыреттілікті дамытуға бағытталған жаттығулар жүйесі ретінде қабылданды. Әдістердің тиімділігі мен жүйелілігі мысалдар негізінде келтіріліп ұсынылды.

## Әдебиетке шолу

Абайдың алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербург қаласында басылымға шығып, ақынның аударма өлеңдерімен қоса жүз қырықтай өлеңі мен «Ескендір», «Масхұт» поэмаларын қамтыған.

Абай өлеңдерінің түпнұсқадағы атаулы толық жинағы 1945 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойына орай абайтанушы ғалымдар: Н.Т. Сауранбаев, М.О. Әуезов, М.С. Сильченко; жазушылар: С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин редакциялық алқасының қарауымен Алматы қаласында басылып шыққан [8]. Кейін 1950 жылы өлеңдер жинағы жарық көрді [9]. 1952 жылы көпшіліктің сұранысына байланысты ақынның таңдаулы шығармаларын қамтитын тағы бір жинақ жарияланды.

Абайды зерттеу мәселесі ақын дүние салғаннан кейін қарқынды түрде дамыды. Ақын өмірбаяны мен шығармашылығын орыстiлдi аудиторияға таныстырып, Абайдың шығармашылығын аудару мәселесiне алғаш қадам жасаушы Ә. Бөкейханов болды. 1905 жылы Семейдiң Географиялық бөлiмшесiнде «Семипалатинский листогында» орыс тiлiнде «Абай Құнанбаев» некрологы жарияланып, абайтану ғылымына қадам бастаушы бастапқы еңбек болды. Абайдың орыс тiлiне аударылу мәселесiне ат салысқан Ә. Бөкейхановтың iзбасарлары Н. Рамазанов, С. Сабатаев, Н. Құлжанова сынды зерттеушiлер, сонымен қоса Абайды орыс зиялы қауымына танытуда ағайынды Белослюдовтардың қосқан үлесi зор.

1940-1960 жылдары Абайдың шығармашылығы мен аудармаларын тереңдетiп зерттеу мәселесi жандана түсiп, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Сильченко, Қ. Мұхамеджанов, Ы. Дүйсенбаев, Т. Тәжiбаев, Б. Ерзакович, Х. Сүйiншәлиев секiлдi зерттеушiлер айтулы еңбектер қалдырды.

Абайдың өлеңдерiн орыс тiлiне аударумен айналысқан М. Петровых, Ә. Қодаров, В.А. Рождественский, С.И. Липкин, А. Гатов, М. Сұлтанбеков, С. Санбаев сынды аудармашылар болды.

Абай Құнанбаевтың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында 1970 жылы Абайдың ағылшын тiлiне аударылған алғашқы өлеңдер жинағы жарияланды [10]. Алайда, жинақтағы өлеңдер орыс тiлiнен ағылшын тiлiне аударылған. Дегенмен де, бұл жинақ Абайды шетелдiк оқырманға танытуда жасалған үлкен қадам болды. Абайды ағылшынша «сөйлеткен» аудармашылар Дориан

Роттенберг, Том Боттинг, Ольга Шартсе және Ирина Железнова. 1985 жылы Абайдың дәл осы аударма жинағы тағы да жарияланды [11].

1995 жылы Абайдың жаңа ағылшын тiлiндегi қарасөздерi мен өлеңдерiнiң аударма жинағы жарық көрдi. Қарасөздерiн аударған Дэвид Айткин, поэзиясы мен кiрiспенi аударушы Ричард МакКейн [12].

Этномәдени құзыреттiлiктiң шетел тiлiн оқытуда маңызын Фердинанд Де Соссюр ең алғаш хабарлаған. Этномәдени құзыреттiлiктi қалыптастыру мәселесiнiң әртүрлi аспектiлерi Е.П. Белинская, Л. Щерба, Л.С. Выготский, Е.С. Полат, И.А. Зимняя жұмыстарында қарастырылған. Этномәдени құзыреттiлiктiң мағынасын ашу үшін, алдымен этнос, мәдениет сынды ұғымдардың шетелдiк әдебиеттердегi анықтамалары қарастырылды: James Fulcher and John Scott «Sociology, Fourth edition» [4], Richard T. Schaefer, Robert P. Lamm «Sociology, Fifth edition» [5], «Sociolinguistics: An International Handbook of the Science of Language and Society» [3], James W. Vander Zanden «Sociology. The Core. Second edition» [13], Collins Cobuild «New student's dictionary» [14].

«Особенности безэквивалентности в лексическом пространстве казахского, русского, английского языков (на материале переводов художественной литературы)» тақырыбында қорғалған диссертациялық жұмысы қарастырылып, зерттеуге қажет болатындай ой-түйiндер жасалынды.

Теориялық негiз ретiнде ЖОО студенттерiнiң этномәдени құзыреттiлiгiн ұлттық мәдениет құралдары арқылы дамыту мәселесi алынып, Абайдың шығармашылығын аудармаларымен оқыта отырып, әдiстердiң тиiмдiлiгiн анықтауға арналған.

## Зерттеу нәтижелері және талқылау

Мәдениетаралық әдiс этникалық мәдениеттермен қатар қарастырылып, Абай шығармаларының ағылшын тiлiндегi аудармаларын салыстыра зерттей отырып, ағылшын және қазақ тiлiнде сөйлеушi халықтардың мәдениетi, тiлi мен дiнiне, ой-санасына қатысты ерекшелiктерi ескерiлiп, негiзге алынуы қажет.

Қазақ және ағылшын тiлi, әдебиетi мен мәдениетi, ұлттық ерекшелiктерiн ескере отырып, зерттеудiң бағытыкелесi әдiспен жүргiзiледi. Контраст әдiсiн қолдану арқылы халық шығармашылығындағы өзiндiк болмыстың

көрінісін байқауға болады. Мысалы, Абайдың «Күз»өлеңін қарастыратын болсақ, ағылшын тілінде бірнеше аудармасы бар:

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан*  
(Абай. Қарасөз, 2009: 36) [15].

Өлеңнің аудармасы арқылы аудармашының ұлттық болмысты түсіне білді ме жоқ па, «Абайдың күзін Абайдай көре білді ме?», «өзінің тілінде сөйлеуші оқырманға көркемдік ерекшелігін сақтай отырып өлеңді аударып жеткізе алды ма?» – деген сияқты сұрақтарды талқылауға болады.

Абайдың өлеңдерінің ағылшын тіліндегі алғашқы жинақтарында ақынның шығармаларын аударған аудармашылардың бірі Dorian Rottenberg болды. Абайдың «күзін» ағылшынша былайша көрсетеді:

*The clouds are grey and gloomy, boding rain.  
An autumn mist envelops the bare earth.  
Chasing each other through the spacious plain.  
To warm themselves, run foals  
of last year's birth.*  
(Abai. Selected poems, 1985: 28) [11].

Ал, Richard McKane «күзді» былайша аударған:

*A flock of heavy grey clouds enveloped the sky,  
Autumn: a damp mist covered the earth.  
The horses play and their young are frisky  
from being well-fed or from the cold.*  
(Abai: Book of words, 1995: 77) [12]

Енді Дориан Роттенберг пен Ричард МакКейннің аудармаларын түпнұсқамен салыстырар болсақ, Дориан Роттенберг аудармасында Абайдың «күзі» тәрізді барынша әдемі ұйқастырып, өлеңнің көркемдік жағынан сипатына қатты мән береді.

*Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан,*

жолдарын ағылшын тіліне аударғанда өзінің өзгеше көзқарасын «*chasing each other through the spacious plain, to warm themselves, run foals of last*

*year's birth*» деп, тікелей аударатын болсақ: *кең жазықпен былтырғы туылған тайлар бірін-бірі жылыту үшін, қуып келеді* дегендей, аудармашы өзіндік сәл басқаша көріністі меңзейді.

Ричард МакКейн болса, түпнұсқаға барынша жуықтап аударуға тырысқандығы байқалады. Десе де, өлеңнің әдемі берілуі жағынан Роттенбергтің аудармасындағы аудармашының көріністі, күз пейзажын елестетуде өзіндік ой-толғауының қосқандығын ерекше атап өту қажет.

Өлеңнің келесі шумағынан Роттенбергтің күзді Абайша елестеткенімен, дегенмен де өзіндік дүниетанымына сай көркемдік бейнелеулерді қосу арқылы өлеңге өзгеше сарын сыйлап, түрлендіргенін байқаймыз (Кесте 1). Алайда, Роттенбергтің аудармасында теңеу, сипаттау кезінде «қайыршы шал-кемпірдей» деген жолды калька аударма әдісі арқылы ағылшын тіліндегі «*beggars*» сөзімен сипаттаған, яғни, қайыр тілеуші, кедей деген мағынада. МакКейннің аудармасында да «*the worst victims of poverty*» деп, кедейліктің құрбандары мағынасында аударған. Алайда, Абайдың өлеңінде, «қайыршы шал-кемпірдей» деген теңеуде қартайған, әлі құрған сынды мағына айтылған. Күзді сипаттағанда Абай күннің суытуын, жапырақтардың сарғайып түсуін кәрі шал-кемпірлердің әлі кетіп, қартайғанындай, айналаның ажары мен өңі кетті, айнала тыныштыққа бөленді деген мағынасында бейнелеген.

*Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,* – деген жолды Роттенберг *No grass, no tulips,* – деп аударған. Алайда, бәйшешек – қызғалдақ емес, бәйшешек дегеніміз орысша подснежник болса, ағылшын тілінде аудармасы *snowdrop* болуы керек еді. Бұл жерде атаудың аудармасы қате немесе аудармашы өз этномәдениетінің ерекшелігіне қарай бәйшешекті қызғалдақпен алмастырған болар. Дегенмен де, Абайдың өлеңінде қызғалдақ емес, бәйшешек туралы айтылған. Абайдың басқа емес, нақты бәйшешек гүлін өз өлеңінде қолдануының мағынасы терең. Бәйшешек – үміттің, қаһарлы қыстың кетіп, көктемнің, жаңа өмірдің келгенін білдіретін белгісі.

Ричард МакКейн болса, аудармасында бәйшешек гүлін мүлдем алып тастаған: *The grass withered, no flowers as before,* – деп, жалпы гүлдер деп қана көрсеткен.

1-кесте – «Күз» өлеңі

Dorian Rottenberg	Абай	Richard McKane
The clouds are grey and gloomy, boding rain. An autumn mist envelops the bare earth. Chasing each other through the spacious plain. To warm themselves, run foals of last year's birth.	Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.	A flock of heavy grey clouds enveloped the sky, Autumn: a damp mist covered the earth. The horses play and their young are frisky from being well-fed or from the cold.
No grass, no tulips. Silent everywhere Are children's noisy games and young lads' mirth. The trees like poor old beggars stand and stare. Bereft of leaves, as naked as the earth.	Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. Қайыршы шал-кемпірдейтүсікетіп, Жапырағынанайрылғанағаш, қурай.	The grass withered, no flowers as before, The children's hubbub was silent, the girls' laughter died. The trees and bushes were without their leaves, like old men, the worst victims of poverty.

Келесіде жаттығу және ашық тапсырмалар әдісіне байланысты студенттерге Абайдың басқа да өлеңдерін аудармаларымен қатар қарастырып, салғастырып, аудармашылардың өлеңнің мағынасын, негізгі ойын түсіне алуы, ақынның жан-дүниесіне аудармашының көзқарасы сәйкес келді ме жоқ па соны анықтаудың қажеттілігін анықтауды тапсырса болады. Аударма барысында этномәдени құндылықтар ескерілгендігіне мән беру, Абайдың өлеңдерін ағылшын тіліндегі аудармалармен салыстыра отырып оқыту нәтижесінде тәжірибе жүзінде студенттердің этномәдени білімдерінің тереңдеуіне жақсы мүмкіндік болатындығы анық. Нәтижесінде, білім алушыда ұлттық мәдениетті түсіну, өзге мәдениеттің айырмашылықтарын қабылдай білу дағдылары қалыптасары сөзсіз.

Әдістердің тиімділігін нәтижелілеу үшін, студенттердің талдау-зерттеулерін қалған студенттермен бөлісу, ой алмасу мақсатында әңгімелесу және талқылау әдісін қолданған өте орынды болады деген ойдамыз. Себебі, өзгелердің зерттеулерін тыңдау, ұтымды пайымдау негізінде ақпаратты талдай білуге, өз ойын жеткізе білуге, нәтижесі ретінде этномәдени құзыреттіліктің дамуына жол ашылады.

Жоғарыда айтылған бірнеше әдістерден кейін, өтілген тақырыпты қорытындылау, қысқаша тұжырым жасау мақсатында Абайдың аудармаларын оқытудың тағы бір әдісі ретінде синквейн әдісін қолдануға болады.

Синквейннің мысалы ретінде, 1-кестеде берілген аудармалар мен түпнұсқа өлеңнің мәтіндеріне қатысты синквейн әдісі қолданылды (2-кесте).

Нәтижесінде, 2-кестеде көрсетілгендей, аударма мен түпнұсқаның айырмашылықтары

мен ұқсастықтарын талдап, қорытындылауға болады. Кестеден байқайтынымыз, синквейндер өлеңнің тақырыбына сай жасалғанымен, аудармалар күзді көркемдік бейнелеуі жағынан Абайдың «күзінен» ерекшеленеді. Яғни, аудармада түпнұсқадағы идея мен күз көрінісі аудармашының ұлттық құндылықтары мен мәдениеті, әдебиетінің ерекшелігіне сай түрленіп, өзгереді. Студенттер, синквейн әдісі арқылы осылай салыстырмалы анализ жасай отырып, ойларын нақты мысалдармен тұжырымдауға үйренеді.

Синквейннің оқыту процесінде қолданылатын тағы бір түрі, біріншіден сәл ғана өзгеше. Себебі, өзгешелік тек төртінші жолда ғана байқалады. Бұл жолда мәтіннің тақырыбына байланысты оқырман өз ойын толық бір сөйлем арқылы білдіреді.

Оқыту үрдісінде синквейн әдісін қолдану студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, зерттелетін тақырыптың негізгі мәселелерін тез және нақты көрсетуіне өте ыңғайлы және түсінікті жағдай жасайды. Синквейн әдісін аудармаларды оқытуда қолданған жағдайда, студенттерді топтарға бөліп, бір топ аударма мәтінін зерттеп, сол бойынша синквейндер құрып, өлеңде берілген негізгі идеяны ашып түсіндірулері қажет. Ал келесі топ болса, түпнұсқаны синквейндерге бөліп, талдайды. Нәтижесінде, қысқа мерзім көлемінде ақпаратты толығымен алмасуға, талқылауға мүмкіндік болады. Өлеңді тек қана синквейнге бөліп қана қоймай, аудармашылардың этносқа сай құндылықтарды қаншалықты түсініп, қабылдағаны, сол ойды шет тіліне аударғанда мағынасының түпнұсқадағы мәтінге жуық не бұрмаланғандығын қоса анықтай алады.

2-кесте – Синквейн әдісін қолдану мысалы

<p>Күз Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие кашқан, тай жарысқан.</p> <p>Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. Қайыршы шал-кемпірдейтүсікетіп, Жапырағынанайрылғанағаш, қурай.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күз</li> <li>2. Суық, дымқыл</li> <li>3. Тоңу, айырылу, жоғалу</li> <li>4. Мұң, білместік, пейзаж, теңеу</li> <li>5. Күзгітұрым</li> </ol>
<p>Autumn The clouds are grey and gloomy, boding rain. An autumn mist envelops the bare earth. Chasing each other through the spacious plain. To warm themselves, run foals of last year's birth.</p> <p>No grass, no tulips. Silent everywhere Are children's noisy games and young lads' mirth. The trees like poor old beggars stand and stare. Bereft of leaves, as naked as the earth. - Dorian Rottenberg</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Autumn</li> <li>2. Grey, silent(сұр, тыныш)</li> <li>3. Enveloping, chasing, standing(орап, қуу, тұру)</li> <li>4. Silence, mist, spacious plain, bereft of(тыныштық, тұман, кең жазық, айырылған)</li> <li>5. Gloom (депрессия немесеүмітсіздікжағдайы)</li> </ol>
<p>Autumn A flock of heavy grey clouds enveloped the sky, Autumn: a damp mist covered the earth. The horses play and their young are frisky from being well-fed or from the cold.</p> <p>The grass withered, no flowers as before, The children's hubbub was silent, the girls' laughter died. The trees and bushes were without their leaves, like old men, the worst victims of poverty. - Richard McKane</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Autumn</li> <li>2. Cold, damp(суық, дымқыл)</li> <li>3. Covering, withering, playing (жабу, солу, ойнау)</li> <li>4. flock of clouds, silence, poverty, mist (бұлттар шоғыры, тыныштық, жоқшылық, тұман)</li> <li>5. Silence (тыныштық)</li> </ol>

Тұжырымдай келе, этномәдени құзыреттілік мәселесінің ауқымы кең. Этномәдени құзыреттілікті оқытуда шетелдік және отандықмәдениеттері бір-біріне салғастыра отырып зерттеліп, ағылшын және қазақ ұлтының мәдениеті, тілі мен діні, жаратылысты қабылдауына қатысты ерекшеліктері ескеріледі. Аудармаларды тиімді оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту жолында, тарауда келтірілген әдістерден кейін, өтілген тақырыпты қорытындылау, қысқаша тұжырым жасау мақсатында синквейн әдісін қолдану орынды.

**Қорытынды**

Аудармаларды оқытуда ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрдің, белгілі бір ұлтқа ғана тән этномәдени дүниетанымының ерекшеліктері ескерілмей, тіл мен мәдениет элементтерін аударуда қателіктерге мен мағынаның бұрмалануына жол берілгендігі байқалады.

Аудармашылар жұмыс барысында белгілі бір ұлттың дүниетанымының бейнесін көрсетуге ықпал ететіндіктен, шет тілінің барынша түпнұсқадағы мағынаны ашып, тек сол халыққа тән идеологиясын көрсете алатындай деңгейде аударулары міндетті. Демек, тілді ғана біліп қоймай, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихын, мәдениетін, ділі мен дінін, оның ауызша, жазбаша поэзияға тарихын зерттеп, саралап, аударылып жатқан тілдің мәдениеті мен ой-санасына салыстыру арқылы, аударманың кәсіби деңгейде жасалынуына жауапты.

Зерттеуіміздің ағылшын тіліндегі Абайдың аудармаларын түпнұсқамен салыстыра отырып, этномәдени құзыреттілікті тиімді әдістерді қолдану арқылы дамыту мақсаты орындалды.

Зерттеу барысында алға қойылған міндеттер атқарылды. Абайдың шығармаларының ағылшын тіліне аударылған әр түрлі жылдағы жинақтары іріктеліп, аударма өлеңдері түпнұсқамен салғастырылып, этномәдени құзыреттілікті да-



мытуға арналған әдістерге материал ретінде қолданылды.

Зерттеудің Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын оқыту арқылы студенттердің этномәдени құзыреттілігін дамытудың тиімді жолдары мен әдістері болжамы нақтыланды.

Зерттеудің құндылығы болып саналатын ЖОО студенттерінің этномәдени құзыреттілігін дамытуға бағытталған жүйелілігі жағынан өзара байланысты әдістер іріктелді.

Қорыта айтқанда, Абайдың аудармаларын оқытудағы этномәдени құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдістер ретінде мәдениетаралық әдіс, контраст әдісі, жаттығу әдісі немесе ашық тапсырмалар, әңгімелесу және талқылау әдістері талданып, өтілген тақырыпты қорытындылау, қысқаша тұжырым жасау мақсатында тағы бір әдіс ретінде синквейн таңдалып, әдістердің тиімділігі мен жүйелілігі мысалдармен ұсынылды.

### Әдебиеттер

- 1 Печерских, Т. Ф. «Особенности перевода разносистемных языков (на примере английского и казахского языков)» / Т. Ф. Печерских, Г. А. Амангельдина. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2012. – № 3 (38). – С. 259-261. – URL: <https://moluch.ru/archive/38/4406/> (дата обращения: 17.01.2022).
- 2 Мухтарова С. С., Особенности Безэквивалентности В Лексическом Пространстве Казахского, Русского, Английского Языков (на материале переводов художественной литературы). Уфа 2021 – С. 193.
- 3 Sociolinguistics: An International Handbook of the Science of Language and Society, Berlin • New York: De Gruyter Mouton, 2008. – 875 p.
- 4 James Fulcher and John Scott. Sociology, Fourth edition. Oxford University Press, 2011. – 912 p.
- 5 Richard T. Schaefer, Western Illinois University, Robert P. Lamm. Sociology, Fifth edition. McGraw – Hill, Inc., 1995. – 677p.
- 6 Султанова А. Я., Развитие этнокультурной компетенции студентов вуза средствами национальной культуры во внеаудиторной деятельности, – Казань, 2020. – С. 22
- 7 Cinquain method. – [Electronic resource] -<https://en.wikipedia.org/wiki/Cinquain>(Accessed: 20.01.2022)
- 8 Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы – Алматы: Қазбiрмембас., 1945. – 503 б.
- 9 Абай Құнанбаев. Өлеңдер жинағы [Текст]: монография / Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1950. – 82 б.
- 10 Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағы. Абайдың 125 жылдық мерейтойына орай. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы., 1970. – 193 б. (Ағылшын тілінде)
- 11 Абай Құнанбаев. Избранные стихи. – Алматы: Жазушы, 1985. – 176 б. (На английском языке)
- 12 Абай. Қарасөз. – Алматы: Ел Бюросы, 1995. – 219 б. (Ағылшын тілінде)
- 13 James W. Vander Zanden, Ohio State University. Sociology. The Core. Second edition. McGraw – Hill Publishing Company, 1990. – 640 p.
- 14 Collins Cobuild. New student's dictionary. HarperCollinsPublisher, Great Britain, 1997. – 751 p.
- 15 Абай. Қарасөз. Книга слов. Book of words. Международный клуб Абая, 2009. – 338 б.

### References

- Abaj Kunanbaev (1945) Shygarmarynyn tolyk zhinagy [Complete collection of works]. Almaty, Kazbirmembas.. 503 p. (In Kazakh)
- Abaj Kunanbaev (1950) Olender zhinagy [Text]: monografija [Collection of poems [text]: monography]. Almaty, Kazmemkorkemadabbas. 82 p.(In Kazakh)
- Abaj Kunanbaev (1970) Tandamaly olender men poemalar zhinagy. Abajdyn 125 zhyldyk merejtojyna oraj. [Selected poems. To mark the 125th anniversary of his birth.] Kenestik Socialistik Respublikalar Odagy. 193 p. (In English)
- Abaj Kunanbaev (1985) Izbrannye stihy [Selected poems]. Almaty, Zhazushy.. 176 p.(In English)
- Abaj (1995) Karasoz [Book of words]. Almaty. El Bureau. 219 p. (In English)
- Abaj (2009) Karasoz. Kniga slov [Book of words]. Mejdunarodnyi klub Abaja. 338 p.
- Cobuild C. (1997).New student's dictionary. HarperCollinsPublisher, Great Britain. 751 p.
- Fulcher J., Scott. J. (2011) Sociology, Fourth edition. Oxford University Press. 912 p.
- James W. Vander Zanden, (1990) Ohio State University. Sociology. The Core. Second edition. McGraw – Hill Publishing Company. 640 p.

Muhtarova S. S. (2021) Osobnosti bezjektivnosti v leksicheskom prostranstve kazahskogo, ruskogo, anglijskogo jazykov (na materiale perevodov hudozhestvennoj literatury) [Features of Non-Equivalence in the Lexical Space of the Kazakh, Russian, English Languages (on the material of translations of fiction)] Ufa. P. 193. (In Russian)

Pecherskih, T. F., Amangel'dina. G. A. (2012) Osobnosti perevoda raznosistemnyh jazykov (na primere anglijskogo i kazahskogo jazykov) [Peculiarities of translation of different system languages (on the example of English and Kazakh languages)] / T. F. Pecherskih, G. A. – Tekst: neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. 3 (38). pp. 259-261. (In Russian)

Sociolinguistics (2008) An International Handbook of the Science of Language and Society, Berlin & New York: De Gruyter Mouton. 875 p.

Sultanova A. Ja. (2020) Razvitie jetnokul'turnoj kompetencii studentov vuza sredstvami nacional'noj kul'tury vo vneauditornoj dejatel'nosti [Development of ethno-cultural competence of university students by means of national culture in extracurricular activities]. Kazan'. 22 p. (In Russian)

Schaefer R. T., Lamm R. P. (1995) Western Illinois University, Sociology, Fifth edition. McGraw – Hill Inc., 677 p.